

Әкімдіктің 2006 жылғы 27 маусымдағы № 212 "Мүгедектерге әлеуметтік көмектің қосымша түрлерін көрсету туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 ақпандағы № 32 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 наурызда № 4492 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 31 қазандағы № 480 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 31.10.2022 № 480 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 16-бабының екінші абзацы негізінде Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2006 жылғы 27 маусымдағы № 212 "Мүгедектерге әлеуметтік көмектің қосымша түрлерін көрсету туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3550 болып тіркелген, 2006 жылғы 14 шілдеде "Қостанай таңы" және 2006 жылғы 25 шілдеде "Костанайские новости" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 16-бабының екінші абзацы негізінде Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**"

;

көрсетілген қаулының 2-тармағының 2) тармақшасы алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 2-1-тармағымен толықтырылсын:

"2-1. Кресло-арбаларды алу үшін мүгедектер мынадай құжаттарды:

1) өтінішті;

2) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзіндіні;

3) жұмыс беруші–жеке кәсіпкер қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен еңбек жарақаты немесе кәсіптік ауру салдарынан мүгедек болғандар үшін – жазатайым оқиға туралы актінің көшірмесін және жұмыс берушінің–жеке кәсіпкердің қызметінің тоқтатылуы немесе заңды тұлғаның таратылуы туралы құжатты ұсынады.

Мүгедектің өзінің баруға мүмкіндігі болмаған жағдайда, нотариалды куәландыруды талап етпейтін сенімхат негізінде кресло-арба беруге өтініш жасауға басқа адамдарға уәкілеттік бере алады.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары қайтарылуға жатады."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай

облысының әкімі

Н. Садуақасов